

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі қызметінің мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 8 маусым 1995 ж. N 800

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 29 наурыздағы N 2154 К952154_ қаулысына және "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 наурыздағы N 359 қаулысына Р950359_ сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің жарғылық қорына (бұдан әрі - Медетші банк) екінші тоқсан ішінде 100 (жүз) млн. теңге мөлшерінде жарна енгізісін;

"1995 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 15 наурыздағы N 2120 Жарлығында U952120_ көзделген мөлшерде Медетші банкінің қаржыландыруға қажетті қаражат бөлуді қамтамасыз етсін.

2. Медетші банкі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен келісіп, Қазақстан Республикасының акционерлік банкімен агенттік келісімі негізінде, акцияларының бақылау пакеті мемлекетте болатын төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды кредиттеу және қызмет көрсету тәртібі туралы Ережені Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізісін.

3. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкінің құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 наурыздағы N 359 қаулысының 2-тармағына сәйкес, Медетші банкі бюджетке директивтік кредиттер, бюджеттік несиелер және міндеттемелердің басқа да түрлері бойынша берешектерге қызмет көрсетуді берудің тәртібін әзірлеу Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша Экономика министрлігіне және Медетші банкіне жүктелсін.

4. Бекітілген тізбеге сәйкес Медетші банкінің банктік қызмет көрсетуге берілетін кәсіпорындар есеп айырысу шоттарын Медетші банкінің банк-агентіне аударуды жүзеге асырсын.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Медетші банкінің санациялауына және құрылымын қайта құруына берілетін кәсіпорындардың мемлекеттік акциялар пакетін медетші банкінің басқаруына табыс етсін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті Медетші

банкiне осы банктің қызмет көрсетуiне тексеру нәтижесiнде берiлетiн кәсiпорындар жөнiндегi қолда бар ақпаратты оның (Медетшi банкiнiң) сұрау салуы бойынша табыс етсiн, сондай-ақ аталған кәсiпорындардың қаржы-шаруашылық қызметiн бiрлесiп тексерудi жүргiзсiн.

7. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкiмдерi, Қазақстан Республикасының Экономика министрлiгi, Қаржы министрлiгi, Қазақстан Республикасының Мемлекеттiк мүлiктi басқару жөнiндегi мемлекеттiк комитетi қарауына бекiтiлген тiзбе бойынша Медетшi банкiнiң банктiк қызмет көрсетуiне берiлетiн кәсiпорындар кiретiн министрлiктер мен ведомстволар оларды (кәсiпорындарды) қаржылық сауықтыру жөнiндегi шараларды жүзеге асыруда Медетшi банкiне жәрдем көрсететiн болсын.

8. <*>

Ескерту. 8-тармақ күшiн жойған - ҚР Үкiметiнiң 1996.01.18.

№ 68 қаулысымен. Р960068_

9. Медетшi банкi Кеңесiнiң құрамы қосымшаға сәйкес бекiтiлсiн.

10. Медетшi банкi Басқармасының құрамы бес адам болып белгiленсiн. Медетшi банкi Басқармасының төрағасы банк Басқармасының дербес құрамы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетiне ұсыныс енгiзсiн.

11. Медетшi банкiне Басқарма төрағасының бiр бiрiншi орынбасары және екi орынбасары болуына рұқсат етiлсiн. <*>

ЕСКЕРТУ. 11-шi тармаққа өзгерiс енгiзiлдi - ҚРҮ-нiң 1996.07.18.

№ 913 қаулысымен. Р960913_

12. Медетшi банкi Басқармасы төрағасының лауазымы медициналық және тұрмыстық қызмет көрсету шарттары бойынша министр лауазымына, Басқарма төрағасы орынбасарының лауазымы министр орынбасарының лауазымына теңестiрiлсiн.

13. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлiгi Медетшi банкi Басқармасының төрағасы және оның орынбасарларын үкiметтiк байланыс арналарымен, сондай-ақ қажеттi көлемде халықаралық факсимиль, телекс, телефон байланыстарымен бiрiншi кезекте қамтамасыз етсiн.

14. Медетшi банкi Қазақстан Республикасының Әдiлет министрлiгiмен бiрлесiп бiр ай мерзiмде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетiнiң шешiмдерiн "Қазақстан Республикасының мемлекеттiк Медетшi банкi туралы" Қазақстан Республикасы Президентiнiң 1995 жылғы 29 наурыздағы № 2154 қаулысымен және осы қаулымен сәйкестендiру жөнiнде ұсыныс енгiзсiн.

15. "Қазақстан Республикасының мемлекеттiк Медетшi банкiн құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетiнiң 1995 жылғы 29 наурыздағы № 359 қаулысындағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлiгi Қазақстан Республикасының мемлекеттiк Медетшi банкiнiң адам санын және оны (банктi) ұстауға

арналған шығысты анықтайтын бөлігіндегі 5-тармақтың күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 8 маусымдағы
N 800 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші

банкі Кеңесінің құрамы

Павлов А.С. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
орынбасары, Қазақстан Республикасының Қаржы
министрі, Кеңес төрағасы

<*>

Қалмырзаев С.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару
департаментінің директоры

<*>

Әшімов Н.С. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда
министрінің вице-министрі

<*>

Тәжияқов Б.Ш. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі басқармасы
төрағасының орынбасары

<*>

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда
министрі, Кеңес төрағасының орынбасары

<*>

Руденко Ю.С. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Материалдық өндіріс департаментінің бастығы

<*>

Манақбаев Т.М. - Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші
банкі Басқармасының төрағасы

<*>

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.18.

N 913 қаулысымен.

P960913_

Ескерту. Кеңес құрамына өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.12.06.

N 1496 қаулысымен.

P961496_

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.04.17. N 586

қаулысымен.

P970586_